



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 12/449
25 марта 2016 года

Вестник

ҚОШ КЕЛГЕН НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ (РЕПОРТАЖ)

Биылғы мешін жылының Наурыз мейрамы да өз мерзімінде – наурыздың 21-жұлдызында тойланатын болып ұйымдастырылды. Күн мен түннің теңеліп, жер бетіндегі тіршілік иелерінің жүзеге шығатын, Самарханның көк тасы еритін ерекше күннің азанғылығында қала халқы мейрам өтетін үлкен алаңына ағыла бастады. Бір күн бұрын тігіліп, құрылып, келушілерін күткен он киіз үй мен жеті шатырдың айналасы шүпір-леген халқ нөпіріне сағат он болмай-ақ толып қалған болатын. Қызылды-жасылды әсемденіп киінген жұрт бір-бірімен құшақ қауыша көрісіп, шын көңілмен, жадырай құттықтасып жатты. Үш жерге орын тепкен алтыбақан маңына жылған балалар әлден-ақ ойын көрігін қыздырып жіберген. Киіз



үйлер мен шатырлар маңындағы қазан-ошақ басында білек сыбанған жігіттер мен қыз-келіншектер шәй қайнатып, наурыз көже пісіріп, палау бастырып жатыр. Қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камизин бастап, қала имамы Дәуіт Сейткалиұлы, Сайлау қажы Смағұлұлы қостаған қаланың сыйлы азаматтары қатарласа қанат жайған киіз үйлер мен шатырларды аралап, жиылған жамағатты Ұлық мейраммен құттықтап шықты. Бұл кезде қала аспаны бір шөкім бұлтсыз, шайдай ашық болатын. «Наурыз Наурыз мерекесіне лайықты болды!», - десіп жатты жұртшылық.

Бұдан әрі «Наурыз» мейрамын тойлау шарасы жалғасын тапты. Қала өнерпаздарының театрланған көрінісінен кейін Наурызға жиналған халықты қала әкімі Қ.А.Камизин мен қалалық



мешіт имамы Д.Сейткалиұлы құттықтады. Бұдан әрі қала өнерпаздарының ұйымдастыруымен концерттік бағдарламаға ұсынылды. Мейрам барысында «Үздік киіз үй», «Үздік шатыр», «Қазақ халқы асханасының ұмыт қалған тағамдары», «Қазақтың нео-фольклор киімдері» байқаулары өтіп, оза шапқан жеңімпаздар номинациялар бойынша лайықты сыйлықтарға ие болды. Киіз үйлердің арасынан сыртқы көрінісі



мен ішкі безендірілуі жағынан 06708 әскери бөлімінің тіккен киіз үйі айтарлықтай көзге түсті. Дегенмен, қазылар алқасының бағалауына орай киіз үй байқауында бірінші орынды «КТҮҚҚБ»



коммуналдық кәсіпорыны жеңіп алса, екінші орын 44841 әскери бөліміне берілді. Жүлделі үшінші орында 06708 әскери бөлімі еншіледі. Қазақтың ұмытыла бастаған тағамдарын дайындауда «Ертай» ЖШС-нің бас аспазы Жазира Қосымбайқызының сиырдың ұлтабары мен тақия қарынынан үйрек пен оның балапанын мүсіндеп

пісіріп әкелген тағамы қазылармен қатар тамашағөйлерді де таң қалдырып, бірінші орынды талассыз жеңіп алды. Ал, «Қазақтың нео-фольклор киімдері» байқауының жеңімпазы болып «Айналайын» балабақшасы танылды. Сондай-ақ «Қазақ оюы», «Ең ұзын бұрым», «Мақал-мәтелдер жарысы» да ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды насихаттауға бағышталған еді. Спорттық жарыстарға жиналған жұрт аса бел-



сенділікпен қатысты. Онда ерлер мен әйелдер арасында кір тасын көтеруден, арқан тартудан, армстрелингтен күш сынасқан командалар мен жекелеген мықтылар марапаттарға ие болды. Наурыз мейрамын тойлауға келген қала тұрғындары киіз үйлер мен шатырларға шақырылып, мерекелік ас мәзірінен дәм татысты. Қала халқы мейрамнан көтеріңкі көңіл күймен тарасты.

Наурыз мерекесіне дайындық кезінде әскери бөлімдердің қаладағы мекеме, кәсіпорын, ұйымдарға шатырларды құру және жинау барысында барынша көмек көрметкенін ерекше атап өткіміз келеді. Қалада өтіп тұратын мәдени-көпшілік іс-шаралар барысында әскери бөлімдер қызметкерлерінің әрдайым қолұшын беріп, өздері де ұйымшылдықпен қатысатыны құптарлық іс деп есептейміз. Оларға мекемелер қызметкерлері өз тараптарынан ыстық ықыластары мен алғыстарын білдірді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Балабақшадағы мереке

ЖЫЛ БАСЫ – НАУРЫЗ

Ағымдағы жылдың 16-ші наурыз күні «Балбөбек» бөбекжайы КМҚК «Құлыншақ» тобында «Жыл басы - Наурыз атты ертеңгілік өткізілді. Ертеңгіліктің мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлап, наурыз мерекесінің мәнін түсіндіру. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнау барысында өздерінің шапшаңдығы мен батылдығын көрсете білуге баулу және наурыз туралы өлең, тақпақтарды жатқа айтқызып, тіл байлығын дамыту. Ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін ұстануға, өнерін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа



тәрбиелеу.

Мерекеге сай тәрбиеленуші бүлдіршіндер де ұлттық киімдерін киіп, құтты бір үлкен мерекені тойлайтындарын сезіп келгендей, жайдары көңіл-күй танытуда. «Жыл басы - Наурыз» атты ертеңгілігімізді кішкентай бүлдіршіндеріміз мерекелік «Наурыз» атты әнімен ашты. Бүлдіршіндерді көктемгі мерекелерімен «Ару анамыз» құттықтай

келе, шашуын шашып, балалардың ортасына қонаққа келді. Балалар болса жамыраса мерекелік тақпақтарын айтып, жарысып жатты. Ару ана балалармен «Сақина салу» ойынын бірге ойнады. Осыдан кейін біздің мерекеге Алдар көсе келіп, бүлдіршіндерімізге өз өнерін көрсетті. Алдар көсе балалармен «Теңге алу», «Қыз қуу» ойынын ойнады. Мерекемізді әрі қарай балалардың тақпақтарымен жалғастырдық. Балалар Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын айтып, «Домбыра» биі, «Өзбекше» биі, және «Индия» билерін биледі.

Балалардың көңіл күйлері көтеріңкі болды және ата-аналарымызда мерекелік іс-шарамызға атсалыса қатысып отырды. Мерекелік іс-шарамыздың соңында, «Ару ана» бүлдіршіндерге өз батасын берді. Ата-аналар да балаларының тәрбиесіне, мерекелік іс-шарадан алған әсерлеріне ризашылық көңіл күйлерін білдіріп жатты. Сонымен қатар, Наурыз мерекесі қазақтың дастархансыз, наурыз көжесінсіз өткен бе? Ата-аналар Наурыз мерекесіне арнап әкелген дастархандарын жайып, түрлі салат түрлерін әзірлеп, осы бағытта мерекелік көрме ұйымдастырылды. Тәрбиеленуші бүлдіршіндер де дастарханнан дәм татып, үлкендердің батасын алып қайтты. Күн мен түнді теңеген, бәрімізді қуанышқа бөлеген, ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі құтты болсын!

К. Т. Эшнарарова,

«Балбөбек бөбекжайы» КМҚК-нің тәрбиешісі


Жыр-шашу!!!

МЕРЕКЕЛІ КӨКТЕМ

Көктем келді!..
Дала мен қыр жайнады,
Басталды да тіршіліктің сайраны.
Көктегі Күн төгіп нұрын, шуағын,
Таңғы бақта сандуғаштар сайрады.

Қандай көркем еді әлем бүгінгі,
Ақтарайын сартап болған сырымды.
Ұйқысынан оянда сезімдер,
Табиғаттың тіршілігі тірілді.

Кетіп қыстың суығы мен ызғары,
Сезіледі ду-думанның қызғаны.
Әйел-қыздар мерекесі кеп қалды,



Әйел емесессе!..
Гүл жайнаған қыз бәрі!..

Жалырасын, жайқалсын да, қуансын,
Ақ жүздерін Күн нұрына суарсын.
Аналардың мейрамына арналған,
Ақыннан – жыр, сазгерден – ән туар шын.

Ақ жаулықты аруанасы ізгі елдің,
Әйелдермен бақытымыз біздердің.
Шын жүректен құттықтаймыз бәріңді,
Шаттық күнге ортақтасып Сіздердің!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Табысы мен мүлкі туралы 2015 жылдың мағлұмдамасына сәйкес АҚПАРАТ

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы Гүлжахан Қайроллақызы Шәрбекова:

2015 жылға жылдық табысы - 2 143 140 тенге.

Меншік құқығындағы мүлгі: Балқаш қаласында 1 бөлмелі пәтер.

Приозерск қаласының ІСМЖТД бөлімі

ИНФОРМАЦИЯ

о доходах, движимом и недвижимом имуществе

Руководитель ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков» Шарбекова Гульжахан Қайроллиновна:

Годовой доход за 2015 год – 2 143 140 тенге

Имущество, находящееся на праве собственности: 1-комнатная квартира в городе Балхаш.

Отдел ВПКИРЯ города Приозерск

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

2016 ЖЫЛДЫҢ 20 НАУРЫЗЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 14 бабының 9 тармақшасына, 44 бабының 2 тармақшасына, 44 бабына сәйкес, депутаттарды сайлау қорытындысы туралы округтік сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде, қалалық сайлау комиссиясы белгіледі:

Ағымдағы жылдың 20 наурызындағы сайлау күні сайлаушылар тізіміне 5959 адам енгізілді, олардың ішінде дауыс беруге 5422 немесе 90,98% қатысты.

Жалпы 11 сайлау округі бойынша қалалық мәслихатқа 35 кандидат ұсынылды, олардың ішінде 33 тіркелді.

Ағымдағы жылдың 20 наурызында дауыс беру келесі жолмен бөлінді.

Қарағанды облысы Приозерск қаласы бойынша 2016 жылдың 20 наурызында өткізілген қалалық мәслихаты депутаттарын сайлау қорытындысы туралы АҚПАРАТ

Сайлау округінің №	Округ бойынша жалпы сайлаушылар саны	Сайлау бюллетендерін алған сайлаушылар саны	Әр кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Әр кандидатқа берілген дауыс саны	Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс дауыс беруге қатысқан сайлаушылар саны	Сайланған депутаттың тегі, аты, әкесінің аты
1	2	3	4	5	6	7
№ 1	554	550	Әбдірахманов Ержан Нұрланбекұлы	36	3	Бейсекеев Сағынбек Жанбырбайұлы, 13.01.1985 ж.т., "Приозерск қаласының жастар ресурсы орталығы" РММ, басшы, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Асыптаев Айбек Жанатұлы	46		
			Бейсекеев Сағынбек Жанбырбайұлы	462		
№ 2	518	400	Аринов Айбын Төлеуұлы	330	3	Аринов Айбын Төлеуұлы, 20.12.1971 ж.т., «ТҚКБ» КМК, директор орынбасары, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Трифорова Наталья Викторовна	13		
			Шатаев Нұржан Құрмансейітов	47		
№ 3	520	488	Ахметбеков Нұрғазы Байжанұлы	39	1	Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы, 21.03.1961 ж.т., «Нұр Отан» партиясы
			Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы	414		Приозерск қалалық филиалы, төраға орынбасары, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Кенжебаев Ришад Галиұлы	33		
№ 4	600	537	Зейнегазиев Сейтқазы Зейнегазиевич	437	2	Зейнегазиев Сейтқазы Зейнегазиевич, 20.01.1958 ж.т., "Гранд Курьшис" ЖШС, директор, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Струментов Александр Валентинович	45		
			Чалғымбаев Бауыржан Әмірхамзаұлы	51		
№ 5	541	500	Әуесбаева Сымбат Серікқызы	67	3	Балтышев Ерік Таткенұлы, 07.07.1980 ж.т., ХҚКО Приозерск қаласы бөлімі, басшы, член парти "Нұр Отан", "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Балтышев Ерік Таткенұлы	363		
			Жүсіпова Жанар Жармаханқызы	65		
№ 6	527	487	Әбдімүталипов Мұса Жалиұлы	404	2	Әбдімүталипов Мұса Жалиұлы, 30.08.1979 ж.т., жеке кәсіпкер, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Келешова Айсулу	38		
			Литош Алексей Владимирович	41		
№ 7	531	479	Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллақызы	45	3	Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллақызы, 08.07.1968 ж.т., Приозерск қалалық орталық ауруханасы, емхана меңгерушісі, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Жұмаханов Базархан Мейрамбекұлы	83		
			Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллақызы	345		
№ 8	569	537	Қарабалаев Таггат Әлімжанұлы	391	1	Қарабалаев Таггат Әлімжанұлы, 22.01.1978 ж.т., "Ер-Тай" ЖШС, директор, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Нарымбетов Мұратбай Енсейтбайұлы	59		
			Шагиров Нұрлан Манапов	80		
№ 9	541	508	Жұмаханова Панар Айдарханқызы	98	2	Жұмаханова Панар Айдарханқызы, 10.10.1968 ж.т., КГУ "Приозерск қаласының №1 мектебі", директор, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Жортаров Амандық	33		
			Жұмаханова Панар Айдарханқызы	372		
№ 10	520	443	Бейсекеева Ирина Владимировна	58	2	Попченко Светлана Борисовна, 23.02.1967 ж.т., «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы, директор м.а., "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Попченко Светлана Борисовна	325		
			Рахматулина Диана Асхатовна	56		
№ 11	538	493	Жүсіпова Гүлнар Жармаханқызы	57	1	Сарсембеков Бекзат Мұқсинұлы, 19.08.1967 ж.т., қалалық мәслихат, хатшы, "Нұр Отан" партиясының мүшесі, "Нұр Отан" партиясынан ұсынылды
			Сарсембеков Бекзат Мұқсинұлы	399		
			Юн Станислав Алексеевич	31		
Жалпы қала бойынша	5959	5422		5363	23	

С О О Б Щ Е Н И Е ГОРОДСКОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ ОБ ИТОГАХ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА, СОСТОЯВШИХСЯ 20 МАРТА 2016 ГОДА

На основании протоколов окружных избирательных комиссий о результатах выборов депутатов, и в соответствии с п.9 ст.14, пп.2, п.4 ст.44, ст.111 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», городская избирательная комиссия установила:

На день выборов 20 марта т.г. в списки избирателей включено 5959 человек, из них приняли участие в голосовании 5422 или 90,98 % избирателей.

В целом по 11 избирательным округам городского маслихата выдвинулись 35 кандидата, из них зарегистрировано 33.

На выборах 20 марта т.г. голоса распределились следующим образом.

ИНФОРМАЦИЯ о результатах выборов депутатов городского маслихата по городу Приозерск Карагандинской области 20 марта 2016 года

№ избирательного округа	Общее число избирателей по округу	Число избирателей, получивших избирательные бюллетени	Ф.И.О. каждого кандидата	Число голосов поданных за кандидатов	Число избирателей, проголосовавших вне помещения для голосования	Ф.И.О. избранного депутата, кем выдвинут, партийная принадлежность
1	2	3	4	5	6	7
№ 1	554	550	Абдурахманов Ержан Нұрланбекұлы	36	3	Бейсекеев Сағынбек Жанбырбайұлы, 13.01.1985 ж.р., КГУ "Молодежный ресурсный центр г.Приозерск", руководитель, член партии "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Асыптаев Айбек Жанатөвич	46		
			Бейсекеев Сағынбек Жанбырбайұлы	462		
№ 2	518	400	Аринов Айбын Төлеуович	330	3	Аринов Айбын Төлеуович, 20.12.1971 ж.р., КП "Управление жилищно-коммунального реформирования", заместитель директора, член партии "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Трифорова Наталья Викторовна	13		
			Шатаев Нұржан Курмансейітович	47		
№ 3	520	488	Ахметбеков Нұрғазы Байжанович	39	2	Дюсембаев Дулат Орынбасарович, 21.03.1961 ж.р., Приозерский городской филиал партии "Нұр Отан", заместитель председателя, член парти "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Дюсембаев Дулат Орынбасарович	414		
			Кенжебаев Ришад Галиевич	33		
№ 4	600	537	Зейнегазиев Сейтқазы Зейнегазиевич	437	3	Зейнегазиев Сейтқазы Зейнегазиевич, 20.01.1958 ж.р., ТОО "Гранд Курьшис", директор, член парти "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Струментов Александр Валентинович	45		
			Чалғымбаев Бауыржан Амирхамзаевич	51		
№ 5	541	500	Әуесбаева Сымбат Сериковна	67	3	Балтышев Ерік Таткенович, 07.07.1980 ж.р., РГП ЦОН отделение "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Балтышев Ерік Таткенович	363		
			Жүсіпова Жанар Жармаханқызы	65		
№ 6	527	487	Әбдімүталипов Мұса Жалиевич	404	2	Әбдімүталипов Мұса Жалиевич, 30.08.1979 ж.р., индивидуальный предприниматель, член парти "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Келешова Айсулу	38		
			Литош Алексей Владимирович	41		
№ 7	531	479	Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллақызы	45	3	Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллақызы, 08.07.1968 ж.р., КГКП "Приозерская центральная городская больница", заведующая поликлиникой, член парти "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Жумаханов Базархан Мейрамбекович	83		
			Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллақызы	345		
№ 8	569	537	Қарабалаев Таггат Әлімджанович	391	1	Қарабалаев Таггат Әлімджанович, 22.01.1978 ж.р., ТОО "Ер-Тай", директор, член парти "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Нарымбетов Мұратбай Енсейтбаевич	59		
			Шагиров Нұрлан Манапович	80		
№ 9	541	508	Жұмаханова Панар Айдархановна	98	2	Жұмаханова Панар Айдархановна, 10.10.1968 ж.р., КГУ "Средняя школа №1 г.Приозерск", директор, член парти "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Жортаров Амандық	33		
			Жұмаханова Панар Айдархановна	372		
№ 10	520	443	Бейсекеева Ирина Владимировна	58	2	Попченко Светлана Борисовна, 23.02.1967 ж.р., КГКП "Центр детско-юношеского творчества "Достық", и.о. директора, член парти "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Попченко Светлана Борисовна	325		
			Рахматулина Диана Асхатовна	56		
№ 11	538	493	Жүсіпова Гүлнар Жармахановна	57	1	Сарсембеков Бекзат Мұқсинович, 19.08.1967 ж.р., городской маслихат, секретарь, член парти "Нұр Отан", выдвинут партией "Нұр Отан"
			Сарсембеков Бекзат Мұқсинович	399		
			Юн Станислав Алексеевич	31		
Итого по городу	5959	5422		5363	23	

ҚАРАҒАНДЫ – КЕНДІ АЙМАҚ

Биыл аймағымыздың құрылғанына 80 жыл толатын мерейтойлы жыл. Бүгінде облыс көлемінде осы атаулы датаны лайықты атап өтуге бағытталған ішаралар жоспары жасалып, дайындық жұмыстары жүргізілуде. Осынау мерейлі мереке қарсаңында біздің газет ұжымы да тыс қалмай, облыстың құрылуы мен одан бергі кезеңдердегі атқарған маңызды жұмыстары жайында оқырмандарын хабарлар етіп отыруды мақсат етеді. Бүгінгі жарияланған мақаланың жалғасын алдағы газет нөмірлерінен оқитын боласыздар.

Қарағанды – бұл Қазақстанның ірі индустриялы-өндірістік, ғылыми және мәдени орталық. Қала аты осы маңайда көп өсетін қарағана өсімдігінен шықты деп есептелінеді.

Қарағанды өзін қала мәртебесін 1934-жылы 10-ақпан айында алды. Бүгінгі күні, халық саны бойынша, Қарағанды – Қарағанды облысының ең үлкен қаласы, халық саны 559 200 адамды құрайды және Қазақстан бойынша Алматы, Шымкент, Астана қалаларынан кейінгі төртінші орында. Қарағандыда көмір шығару бойынша ірі кәсіпорындар жұмыс істейді, сонымен қатар машина салу, металл өңдеу және тамақ өндірісінің кәсіпорындары бар. Қалада көлік және байланыс кәсіпорындары көп. XIX ғасырда қала орнында ештеңе болған жоқ. 1833-жылы Аппақ Байжанов атты шабан бала көмір тапты деген аңыз бар.

Қарағанды облысының даму тарихына үңілер болсақ, қадау-қадау іргелі істердің куәсі боламыз. Аймақтың шапшаң игерілуіне бірден-бір себепкер болған оның мол табиғи байлықтары дер едік. Сонау жиырмасыншы-отызыншы жылдарда А.А.Гапеев, Н.Г.Кассин, Н.И.Наковник, М.П.Русаков, Қ.И.Сәтбаев секілді есімдері бүгінде кенінен танымал геологтар Орталық Қазақстан аймағының кен байлықтарын зерттеді. Жиырмасыншы жылдардың басында-ақ Қоңырат, Жезказған, Семізбұғы, Өспен және басқа жерлерде түсті металдардың мол қорының бары анықталған. Соғысқа дейінгі кезең ішінде жаңадан ашылған көмір және түсті металл кен орындарының негізінде Орталық Қазақстанда Қарсақбай, Балқаш мыс қорыту зауыттары салынды. Жезказған, Қоңырат рудниктері, Қарағанды көмір бассейні игерілді. Еліміздің экономикасындағы Орталық Қазақстанның алатын орны ерекше екендігі сол кезде-ақ белгілі болған. Аймақтың индустриялық даму қарқынын жеделдетуге ерекше көңіл бөле отырып, КСРО Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінің Президиумы 1929-жылғы 28-қарашада «Республиканың «Қазак көмір құрылысы» тресіне қарасты көмір кәсіпорындарын салу ісін мемлекеттік басқару туралы» ережесін бекітті. Трест басқарушысы болып еліміздің көмір өнеркәсібі саласының ірі мамандарының бірі К.О.Горбачев тағайындалды. 1931-жылғы қаңтарда «Қарағанды-көмір» тресі құрылды. Ол осы өңірге шахта салу мен оларды пайдалану ісін жеделдету тәсілі. Қарағанды көмір бассейнін ашу ісін одан әрі жандандыра түсу мақсатында Халық комиссарлары Кеңесінің жанындағы Еңбек және Қорғаныс Кеңесі 1931-жылғы 21-қаңтарда «Қарағанды тас көмір кен орнын дамыту жоспары туралы» қаулы қабылдады. Сол 1931-жылы Қарағанды аумағында жаңадан 16 шахта салу көзделді.

Деректер Қарағанды өңірінің аз ғана уақыт ішінде адамнанғысыз қарқынмен дамығандығын көрсетеді. Айталық, 1931-жылдың басында Қарағанды кенішінде 5600 жұмысшы мен қызметші болса, 1935-жылдың қаңтарында олардың саны 22 мыңнан асқан. Шамалы уақыт ішінде жұмысшы поселкесінің орнына 70 мыңға жуық адамы бар қала орнады. Атап айтқанда, 1934-жылы ақпанда кеншілердің жұмысшы поселкесі Қарағанды қала дәрежесін алды. Қазіргі Қарағандының Жаңа қала деп аталып жүрген орталығын салу сол кезде қолға алынған. 1932-жылғы 10-наурызда Бүкіл-ресейлік Орталық Атқару Комитеті Президиумының Орталық және Солтүстігіндегі бірнеше облыстың басын біріктіріп, орталығы Петропавл қаласы болып жалғыз облыс құрылған. Ол болашағы зор ірі өндіріс орнының құрметіне Қарағанды облысы деп аталған. 1936-жылғы 29-шілдедегі БОАҚ Президиумының қаулысымен жалғыз облыс Қарағанды және Солтүстік

Қазақстан облыстарына бөлінді. Қарағанды қаласы – Қарағанды облысының орталығы болды.

Өндіріс ошақтары онсыз да дамуың даңғыл жолына түссе, қала атанғанына небары екі жылдан сәл асқан Қарағандының облыс орталығы мәртебесін иеленуі халық ағарту, денсаулық сақтау салалары тәрізді, өңірдің мәдени өміріне де осылайша тың серпіліс келді. Қарағанды қаласы шын мәнісінде іргелі өнер ошағына айнала бастады. Бір кездегі шағын көлемде қалалық газетретінде жарық көрген басылымдар облыстық газеттерге айналды. Бір сөзбен айтқанда Қарағанды қаласының жаңадан құрылған Қарағанды облысының орталығы болуы оның ендігі күнде бір бағытта ғана емес, жан-жақты, түрлі салада дамып, одан ері өсіп өркендеуіне мүмкіндік берді. Осылайша бүгінгі Қарағанды облысының тарихы әріден басталса да оның қарыштай дамып, өркендеуінің, қалыптасуының бастау көзі 1936-жылы өз алдына жеке облыс атанып, отау тігуінен кейін болды. Біздің облыс алпыс бес жыл ішінде қай жағынан болмасын қарыштай дамыған. Жаңа елдімекендер бой көтерген. Қарағандымен қанаттас Теміртау, Абай, Саран, Шахтинск қалалары бой түзеген. Қазіргі уақытта облыс 428 мың шаршы километр жерді алып жатыр, бұл республикадағы ең үлкен аймақ. Әкімшілік-аумақтық құрылым өзгертілгеннен кейін бұл аймақта 9 селолық аудан мен 11 қала, 39 жұмысшы поселкесі мен 171 селолық округі бар. Халық саны 1 миллион 700 мың адам, яғни республика халқының 10 процентін құрайды. Бұл көрсеткіш жағдайынан біздің облыс Оңтүстік Қазақстан облысынан кейін екінші орын алады. Облыстың шаруашылық кешендерінің салалық бөлінісі мынадай: Қарағанды-Теміртау өнер-кәсіпті аймағына (Абай, Саран, Шахтинск қалаларын қосқанда) көмір, кара металлургия, химия және мұнай химиясы өнеркәсібі, металл өңдеу және машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, көлік, байланыс, тамақ және ұқсату өнеркәсіптері, электр энергиясы, ағаш

өңдеу және құрылыс материалдары өнеркәсібі, қызмет көрсету саласының кәсіпорындары шоғырланған.

Жезказған аймағында таукен өнеркәсібі, түсті металлургия басымдау дамыған. Мұнда темір, марганец, алтын, күміс, мырыш, басқа да сирек металдар өндіріледі.

Облыс экономикасын дамытудағы жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – инвестициялық бағдарлама жасап, инвесторлар іздеуі. Бүгінде біздің аймақта 67 бірлескен және шетелдік кәсіп-орындар жұмыс істейді. Облыс экономикасына «Испат-Кармет», «Қазақмыс», «Қарағанды-Пауэр», «Накоста» сияқты кәсіпорындар зор үлес қосты.

Облыстың негізінен индустриялды сипатына қарамастан, барлық меншік түріндегі 6 мыңнан астам кәсіпорын ауыл шаруашылығы құрылымдары. Қарағанды облысы өзін-өзі ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерімен толықтай қамтамасыз етеді.

Облыста сүт өндiетiн 16, ет өндiетiн 50-ге тарта кәсіпорын және 200 мини-цех жұмыс істейді. Қарағандыда экономиканың нақты секторы дамып келеді. Облыстың 137 өнеркәсіп кәсіпорны «Миттал Стіл Теміртау» АҚ-мен және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-мен импортты алмастырушы өнімдерді жеткізіп берудің 17 миллиард теңгелік келісім-шарттарын жасасты. Қарағанды облысы бүгінде жаңа астанамыздың құрылысына да белсене аралыста. Астана кәсіпорындарымен мердігерлік жұмыстар және құрылыс материалдармен қамтамасыз ету бойынша 3 миллиардтан астам теңгенің келісім-шарттары жасалған. Облыста шағын бизнес өркендеп келеді. 2005-жылында кәсіпкерлер 19 миллиард теңгенің өнімдерін өндіріп, жұмыстары мен қызметтерін атқаруда. Қарағанды облысында құрылыстар көбейіп, жақсарып, тазарып, көріктене, жаңа заман талабына сай бола түсуде.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

ЖЕЛТОҚСАН ШЫНДЫҒЫ

Осы жылы қазақ жұртына ғана емес, сол кездегі кеңес Одағында болған республикалардың бәріне Тәуелсіздікті сый еткен желтоқсан оқиғасына 25 жыл толуда. Осы аралықта көптеген де-рекетердің көздері ашылып, бұл оқиға түрліше айтылды. КСРО кезінде көтерілісті қаладағы бұзакылардың әрекеті ретінде көрсетуге тырысты, кейінірек көтерілісті «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» ретінде танылды. Көптеген деректер жасырын қалып, кейінірек олардың көздерін жою мақсатында КОКП ОК-нің бұйрығымен жағылып жіберілді.

1991-жылы КСРО құлағаннан кейін, көтеріліске қатысқандардың көпшілігі ақталып, көптеген деректердің көзі ашылды. Оқиғаға «көтеріліс» ретінде танылып, тәуелсіздікке бағытталған, ұлтты біріктіруші оқиға ретінде танылды. Көптеген тарихшылар Алматыдағы желтоқсан оқиғасы КСРО-ның құлауына әсер еткен негізгі оқиға болды деп есептейді. Алайда, бұл шын мәнінде тәуелсіздікке бағытталған оқиға ма еді, 1986-жылғы 16-желтоқсан оқиғасы КСРО-ның құлауына қаншалықты әсер етті және бұл оқиға қандай мәнде болғаны туралы осы мақаламызда саралап көруді мақсат еттік.

1986-жылдың жазында Алматы ҚазМУУ-нің журналистеріне оқуға түсуге барып, құжаттардың дұрыс емес деген желеумен ауылыма қайтуға мәжбүр болдым. Сол жылдың желтоқсанында аталмыш көтеріліс «бұрқ» ете қалды. Сонау шалғайдағы Өзбекстанның Тамды аудандық газетінде жауапты хатшы қызметін атқарып жүрген мен, марқұмдар, газеттің редакторы, ақын-журналист Қайыпназар Шотбасов және білікті журналист Алашбек Елмұратовтармен бірге жиналып, аталған оқиға жайын талқылағанмыз әлі есімде. Алашбек марқұм қандай жағдайға да байыппен, алыстан қарайтын, болжамшыл жан болатын. «Баспасөздің айтып жатқанының бәрі бос былшыл. Сыздауық жара пісіп-жетілді, енді не бізді құртып бітеді, не КСРО-ның күні бітті» демесі бар ма?.

—Аузына не бол бала, құрып кетесің, — деді қашанда сабырлы Қақан. Алайда, осыны бәрімізде іштей сезіп, қалап отырдық. Қынадай қырылған бозақтарға жанымыз ауырып, іштей жылағанымызбен, қолдан келер қайран қане?! . Келер жылы

Алматыға құжаттарымды құшақтап, тағы бардым. ҚазМУУ-дың журналистеріне құжатымды тағы тапсырдым. Былтырғыдай емес, ондағы қызметкерлердің қабылдауы мен сөз мәнеріне өзгеріс еніпті. Өзбекстаннан 3 адам, Түркменстаннан 1 жігіттің құжатымызды қабылдаған қабылдау комиссиясының хатшысы бізге: «Журфактың деканы Марат Барманқұлов деген кісі, соған барып жолыға қойыңдар», - деп кеңес берді. Айтқан адамына барып жолықтық.

—Бауырларым, сендер шет республикаларда жүрсеңдер де, қандарың қазақ, жандарың алаш қой. Егер емтиханнан өте алмай жатсаңдар, тура өзіме келіңдер және сендерден творчестволық конкурстар талап етпейтін етемін. Дегенмен дайындалыңдар, оқыңдар, болашақта өз елдеріңе келіңдер,- деді. Бізге Марат Кәрібайұлы Қыдыр болып жолықты. Бір жігітіміз емтиханнан өтпей қалғанда, ол кісі өзі араласып, бәріміз түсіп кеттік. Яғни, сыртта жүрген қазақтарды елге қайтару әрекеті, мақсаты Марат ағамыздан басталды деп сеніммен айта аламын. Мәкеңнің сол сөзін есімнен шығармаған мен өз Отаныма ең алғаш болып, елді бастап келдім...

Журфакқа түскенін газет-журналдарды жағалап, өлеңдеріміз жариялау үшін белгілі ақындармен таныстық, әңгімелестік, желтоқсан жайында кейде жүрген сауалымызды қойдық. Әркім әрқалай жауап берсе де, ішкі ойлары біздікімен астасып жатты. Бәрінен де мені таң қаалдырып, риза еткен сол кезде «Жалын» журналының бөлім редакторы болып істейтін, қазіргі белгілі жазушы Рахымжан Отарбаевтың айтқандары болды. Ол кісі сол кезде желтоқсан жанашыры, басын қатерге тігіп, Горбачевке желтоқсан шындығын жайып салған Мұхтар Шағановтың рухани інісі, қызметкері, ниеттесі болатын. Көтеріліс себептерін Раханның аузынан сол кезде естіген емім:

Ресми деректер бойынша желтоқсан толқулары СОКП ОК-нің бас хатшысы М.С.Горбачевтың ұлт басышысы – Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтің орына қайдағы бір Геннадий Колбинмен алмастыру шешімінен кейін басталған. Жергілікті халықты Қазақстанға басылып етіп басқа ұлт

өкілі тағайындау наразылық тудырды. Бұны олардың алаңға шыққандағы «Өзін-өзі басқаруды талап етеміз!», «Әр халыққа – өз көшбасшысы!», «37-і жыл болмайды!», «Ұлыдержавалық алаңғасарлыққа тоқтау салу!» деген жазуы бар ұнағандарынан байқауға болады. Оқиға 16-желтоқсан күні бейбіт шеру ретінде Жаңа (Брежнев) алаңында басталған. 17-желтоқсан күні шерушілердің саны 20 мыңға дейін көбейіп, кейіннен көтерілісшілер мен тәртіп сақшылары арасындағы қанды қақтығысқа айналды. Ресми деректер бойынша оқиға барысында екі адам қаза тапқан, бейресми деректер бойынша – 174 адам қайтыс болған.

КСРО билігіне Горбачевтің келуімен «қайта құру» саясаты басталды. Ол елге жариялық, сөз және басылым бостандығы саясатын енгізіп, елді демократияландыруға тырысты. Горбачев КСРО-да жаңа тағайындаулар жасай бастады, бұл тағайындаулар Қазақ КСР-іне де айналдып өткен жоқ. Қонаевтан кейін билікке Назарбаевтің келуі күтілген болатын, алайда оның орнына Горбачевтің командасында болған, Қазақстанға еш қатысы жоқ – Колбин тағайындалды. Қазақ билігіндегі қалыптасқан жүйені бұзу арқылы, бұл тағайындау қазақ элитасының наразылығын тудырды. Сол себепті желтоқсан оқиғасын саяси пиғылы бар деп тұжырымдауға болады.

Ұлттаралық шиеленістің негізгі белгісі – шиеленіскен топтар этникалық белгісіне қарай бөлінеді. Желтоқсан оқиғасын елдегі екі негізгі этностардың – қазақтар мен орыстардың қақтығысы ретінде қарастырылады. Алайда, кеңестік кезеңде құпия болған деректердің ашылуымен, желтоқсан оқиғасына қазақтардан басқа, басқа да ұлт өкілдерінің қатысқандары анықталды. Ішкі істер министрлігінің анықтамасында алаңда ұсталғандардың арасында 26 орыс, 18 ұйғыр, 10 татар, 7 қырғыз, 4 өзбек, 4 көрп және бірнеше ұлттың өкілдері болғандығы анықталды. Алайда, Орталық Комитеттің қатаң нұсқауымен олардың басым көпшілігі сол күні-ақ қамаудан шұғыл босатылып жіберілді. Осыдан кейін-ақ көтерілісшілер кілең қазақтар болып шыға келді. Сондықтан бұл оқиғада саяси себептер басым болған деп пайымдауға болады.

Тәуелсіздікке 25 жыл

Қайрат, Сәбира бастаған ұлтының қамын ойлаған боздақтардың қыршынынан қышулы, қыздардың қатыгездікпен жазалануы, намыстарының тапталуы да өрте жанармай құйғанмен бірдей болыпты. Алайда, бұл араға 4 жыл салып барып, өз шындығына жетті. Прибалтика және кавказ бойы елдері сол кезде-ақ кеңес Одағына қырын қарай бастағаны бізге белгілі. Алматыда «Азия» халықаралық газетінде қызмет етіп жүргенде бірнеше рет М.Шахан ағамызбен жолығып, әңгімелескенім бар. Ол кісінің бұл оқиға жайында жазған кітабын сонда оқыдым. Өзіміз де газетке жаздық. Тәуелсіздік бізге не берді? Біз Тәуелсіздікке не берді?... деген сауалдарға жауабым дайын. Біздің бергенімізден, біздің Тәуелсіздікпен алғанмыз шаш-етектен екен. Ел Президентінің 1992-жылғы дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан кейін шашырап кеткен қазақтарға жасаған Үндеуі де біздің өз тарихи Отанымызға оралуымызға үлкен бастама болды. Ресми деректер бойынша көшіп келген қазақтар саны қазір миллионнан асты дегенмен, бұл сан одан әлдеқайда артық екені даусыз. Өз елімізде өсіп-өндік, ұрпақтарымыз білім алды, еліміздің жақсылығына, қамқорлығына кенелдік. Алды қызметке араласып та кетті. Ширек ғасыр көп те, аз да уақыт емес Бірақ қазақ елі әлем алдына өзін мойындатты. Ең бастысы – бейбіт те, тыныш өмір бар. Ата-бабамыз өмір бойы аңсаған Тәуелсіздігінің бұдан артық қандай сыйы, жақсылығы болуы мүмкін?!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер орын алса, атап айтқанда:

Стандартпен бекітілген құжаттардан басқа да артық құжаттар талап етілсе;
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Стандартта бекітілген мерзімі бұзылса;
Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартылса және т.б.

Сіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне өз шағымыңызды білдіріп, құқықтарыңызды қорғай аласыз.

Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы - 64, ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті

В случае возникновения административных барьеров в ходе получения государственных услуг, в том числе:

Истребования документов не предусмотренных Стандартом государственной услуги;
Нарушения срока оказания государственной услуги, утвержденного Стандартом;
Необоснованного отказа в оказании государственной услуги и т.д.

Вы можете обратиться в Департамент министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Карагандинской области.

Город Караганда, проспект Шахтеров - 64, Департамент министерства по делам государственной службы РК по Карагандинской области.



ҰБТ ЖӘНЕ ОЖСБ – БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

2016 жылдың 17 наурыз күні «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де 9,11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс жиналыста ұлттық бірыңғай тест тапсыруға өтініш берген 18 оқушы ата-аналарымен бірге қатысты. Мектеп директоры П.А.Жумаханова ҰБТ-дағы жоғарғы нәтиже отбасындағы ата-ана мен тұлғаның жақсы қарым-қатынасына тікелей байланысты және өмірлік маңызы бар сынақта ата-ананың қолдауы ерекше рөл атқаратынын айтты.

9-сынып оқушыларының ата-аналары оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың өткізу тәртібі мен ережелері жөнінде ақпарат алды. ОЖСБ бойынша биылғы жылдың жаңалықтарымен таныс болды. Мектеп әкімшілігі ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, балалар-дың дайындықтарына қолайлы жағдай жасау қажеттігін айтты.

Мектеп бітіруші сынып оқушыларының ата-аналарымен өткізілген жиналыста ұлттық бірыңғай тест тапсыруға өтініш берген 18 оқушы ата-аналарымен бірге қатысты. Мектеп директоры П.А.Жумаханова ҰБТ-дағы жоғарғы нәтиже отбасындағы ата-ана мен тұлғаның жақсы қарым-қатынасына тікелей байланысты және өмірлік маңызы бар сынақта ата-ананың қолдауы ерекше рөл атқаратынын айтты.

ҰБТ бойынша техникалық хатшы ата-аналардың назарына тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ережелерін ұсынды. Мектеп бітірушілерге және ата-аналарға емтихан материалдарымен жұмыс істеу, тестілеу нәтижелері бойынша апелляцияға өтініш беру және қарастыру рәсімі бойынша дайындалған жадынамалар таратылды. Танысып болған ата-аналар тарапынан туындаған сұрақтарға техникалық хатшы жауап беріп отырды.

Сонымен қатар жиында ҰБТ өткізу барысында кездесетін мәселелерге ерекше көңіл бөлінді. Жиналыс ата-аналардың ұстаз-



дар мен балаларына айтқан жылы лебіздер және игі тілектермен аяқталды.

Еліміздің болашағы жастардың еңбек-қорлығына, талаптілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Ал мұндай жастарды тәрбиелейтін мектепте ұстаз, отбасында – ата-анасы. Ата-ананың мектеппен байланысы тығыз болған жағдайда ғана, баланың біліміндегі кемшіліктер жойылады. Еліне адал қызмет ететін, білімді тұлға тәрбиеленеді. Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тындыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Ел ертеңі — білімді жастар.

Ф.Ә.Артықмұратова

«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Коммунальное государственное предприятие «Управление жилищно-коммунального реформирования» при акимате города Приозерск сообщает, что 14 апреля 2016 года в 15.00 часов состоятся общественные слушания по проекту Плана мероприятий по охране окружающей среды на 2016-2020 годы для полигона ТБО г.Приозерск. Адрес проведения общественных слушаний: актовый зал Акимата г.Приозерск.

Всех желающих просим принять участие. Контактный телефон: 8(71039) 5-23-70.

КГП «Управление жилищно-коммунального реформирования»

ХАБАРЛАНДЫРУ

Приозерск қалалық мәслихатының VI-шы шақырылымының I – ші сессиясы туралы

2016 жылдың 28 наурызында сағат 12.00-де қалалық мәслихаттың VI-шы шақырылымының I – ші сессиясы өтеді

Сессия күн тәртібінде:

1. Қалалық аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасы туралы.
2. Қалалық мәслихаттың VI-шы шақырылымының хатшысын сайлау туралы.
3. Қалалық мәслихаттың VI-шы шақырылымының I-ші сессиясының төрағасын сайлау туралы
4. Қалалық мәслихаттың VI-шы шақырылымының тұрақты комиссияларының құрамын бекіту туралы.
5. «Нұр Отан» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу және төрағасын сайлау туралы.
6. Қалалық мәслихаттың VI-шы шақырылымының II-ші сессиясының күн тәртібін бекіту
7. Қалалық мәслихаттың VI-шы шақырылымының II-ші сессиясының төрағасын сайлау туралы.
8. Қалалық мәслихаттың VI-шы шақырылымының II-ші сессиясының редакциялық комиссиясын сайлау.

Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Н.Стамқұл

ОБЪЯВЛЕНИЕ

0 первой сессии VI- созыва Приозерского городского маслихата

I – ая сессия VI-го созыва городского маслихата проводится 28 марта 2016 года в 12.00 часов.

В повестке дня:

1. Сообщение городской территориальной избирательной комиссии.
2. Об избрании секретаря VI-го созыва городского маслихата.
3. Об избрании председателя I-ой сессии VI-го созыва городского маслихата.
4. Об избрании состава постоянных комиссий VI-го созыва городского маслихата.
5. О регистрации депутатской фракции городского маслихата партии «Нұр Отан» и избрании председателя.
6. Об утверждении повестки дня II-ой сессии VI-го созыва городского маслихата.
7. Об избрании председателя II-ой сессии VI-го созыва городского маслихата.
8. Об избрании редакционной комиссии II-ой сессии VI-го созыва городского маслихата.

Председатель территориальной избирательной комиссии

Н.Стамқұл

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ГАРАНТИЯ СОХРАННОСТИ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ

В соответствии с п.1 ст.5 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» от 21 июня 2013 года за № 105-V государство гарантирует получателям сохранность обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов в едином накопительном пенсионном фонде в размере фактически внесенных обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции на момент приобретения получателем права на пенсионные выплаты.

Государственная гарантия – это единовременная выплата за счет средств государственного бюджета, определенная как разница между суммой фактически внесенных обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, с учетом уровня инфляции и суммой пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, на момент приобретения получателем права на пенсионные выплаты.

Для реализации данной нормы закона постановлением Правительства Республики Казахстан от 10 декабря 2015 года за № 988 утверждены «Правила выполнения гарантий государства получателям пенсионных выплат по сохранности обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, с учетом уровня инфляции и суммой пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете с даты последнего перевода пенсионных накоплений в страховую организацию».

Для получения выплаты разницы по государственной гарантии лицо, имеющее право на пенсионные выплаты за счет обязательных пенсионных взносов, обращается в отделение ГЦВП по месту жительства.

Лица, имеющие право на выплату разницы государственной гарантии:

- достигшие пенсионного возраста, мужчины - 63 лет, женщины - 58 лет;
- инвалиды первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно;
- выехавшие на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан иностранцы и лица без гражданства.

При обращении за назначением выплаты «Государственная гарантия» к заявлению необходимо приложить следующие документы:

- документ, удостоверяющий личность;
- документ, подтверждающий регистрацию по постоянному месту жительства;
- сведения о номере банковского счета.

В случае обращения лица, заключившего договор пенсионного аннуитета со страховой организацией необходимо приложить копию договора, заключенного со страховой организацией.

для инвалидов первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно:

- документ, удостоверяющий личность;
- документ, подтверждающий регистрацию по постоянному месту жительства;
- сведения о номере банковского счета;
- справка об инвалидности.

для выехавших на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан иностранцев и лиц без гражданства.

- копия заграничного паспорта;
- регистрационное свидетельство о регистрации нерезидента в качестве налогоплательщика;
- сведения о номере банковского счета.

Порядок осуществления выплаты государственной гарантии:

Лицам, достигшим пенсионного возраста государственная гарантия рассчитывается – **на дату достижения пенсионного возраста**. В случае заключения договора пенсионного аннуитета со страховой организацией выплата разницы производится на сумму обязательных профессиональных пенсионных взносов, переведенных в страховую организацию **на дату перевода пенсионных накоплений в страховую организацию**. При этом выплата разницы производится на сумму фактически внесенных обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции и остатка пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете с даты последнего перевода пенсионных накоплений в страховую организацию.

В случае установления инвалидности первой или второй групп бессрочно государственная гарантия рассчитывается **на дату изъятия пенсионных накоплений из единого накопительного пенсионного фонда**.

Выехавшим на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан иностранцам и лицам без гражданства государственная гарантия рассчитывается **на дату изъятия пенсионных накоплений из единого накопительного пенсионного фонда**.

По всем интересующим Вас вопросам назначения или выплаты пенсий и пособий обращайтесь в Приозерское отделение ГЦВП по адресу: улица Агыбай батыра, дом 18.

Приём граждан – с понедельника по субботу с 9.00 час до 14.00.

Телефон для справок: 79980

Рахматулина Д.А.,
Начальник Приозерского отделения ГЦВП

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Аттестат ОА-II № 0122983 о среднем образовании, выданный средней школой имени Ленина села Аксуек Мойынқумского района Жамбылской области в 1994 году на имя гражданки Слабинская Елена Николаевна, в связи с утерей.

НЕДВИЖИМОСТЬ Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая. Тел.8-701-481-44-11 ***

Магазин по ул.БСА 30-1. Два торг. зала: 20 кв.м и 10 кв.м. Складское помещение 13 кв.м. Сан.узел, холодная и горячая вода, счетчики. Отопление центральное. Торг уместен. Телефоны: 87054617098, 87788541589, 87051795301

УСЛУГИ

Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613, Мади.

АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ

Продам

Mitsubishi Space Runner, 1992 г.в., Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. Торг у капота! телефон: 87054617098 ***

Mitsubishi Space Wagon, 1997 г.в., светло-зеленый. Объем 2,0. МКПП, электропакет, 2SRS, круиз-контроль, кондиционер, 7 мест, ТО, налог. телефон: 8707 204 02 60 ***

Блок-фара на МАЗДА-626 (перехodka), левая, б/у, телефон: 8707 204 02 60

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арқо» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 12/449 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041
Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.